

**N E W S****OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN****SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 111 – 114

## **FORMATION AND DEVELOPMENT OF THE BIY COURT: MAIN PERIODS AND FEATURES**

**N.K. Mynbatyrova**Al-Farabi Kazakh National University  
[nurlaiym@mail.ru](mailto:nurlaiym@mail.ru)**Keywords:** Kazakh traditional society, the agreement, decision, clan, tribe, people's unity, territorial integrity**Abstract.** The article investigates the history and development of the biy court in the traditional society of the Kazakhs. The problems of the emergence of the biy court and the main periods of its development. It reveals the internal and external political and legal activities of the biy court of nomadic Kazakh people, its role in legal relations, as well as the features of its legal nature.

The history of the emergence, formation and development of the biy court author conditionally divided into five stages. It reveals the essence of the institute of biys as a definite system of state power industry. Also it is investigated legal activity of the "Institute of biys" in Kazakh society, the basic ways of its development and its role in legal relations, disclosed the contents through scientific analysis of judicial decisions of biys.

## **БИЛЕР СОТЫНЫң ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ: НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Н.К. Мынбатырова**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Түйін сөздер:** дәстүрлі қазақ қогамы, билер соты, бітім, шешім, ру, тайпа, ел бірлігі, аумақтық тұтастық.

**Аннотация.** Жұмыстың максаты – дәстүрлі қазақ қогамында билер сотының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін анықтап, билер сотының ұстанған қағидаларының, қолданған нормаларының ерекшеліктерін зерделеп болып табылады. Дәстүрлі қазақ қогамындагы билер сотының даму тарихын нақты кезеңдерге бөліп, ербір кезеңнің ерекшеліктерін айқындалап, оған талдау жасау көзделеді. Жұмыстың методологиялық негізін жалпы танымдық принциптер мен арнайы гылыми әдістердің іштей бірлігі мен байланысы құрады. Жұмысты орындауда жүйелік, тарихиық, салыстырмалы сараптау әдістері қолданылды. Мал-мұлік дауы, жер дауы, құн дауы, жесір дауынан тұган қазақ руалары мен тайпалары арасындағы дауларды шешу барысында билер соты ен басты бағдар есебінде елдің бірлігі мен тыныштығын сақтау, ынтымағын бұзбау, сызат түсken ағайын жаразығы болса оны қалпына келтіру қағидаларын ұстанды. Осы бағыт-бағдар, қағида-құндылықтардың талаптары аумағында сот шешімдерін кабылдау үшін судья-билер бар қажып-қайратын, ақыл-білімін, шешендігі мен шеберлігін пайдаланды. Автордың қол жеткізген нәтижелерін құқықтық саладағы реформаларды жүргізу барысында халықтың дәстүрлі құқықтанымын ескеру бағытында пайдалануга болады. Заң факультетінде мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, құқықтық және саяси ілімдер тарихы пәндерін оқыту процесінде колдануға болады.

Қазақ қогамындағы билік қатынастарының ерекшеліктерін ой елегінен өткізе отырып және оны егжей-тегжейлі талдау арқылы билер сотының саяси-мемлекеттік астарын айқындаі аламыз. Сол сияқты билер сотын арнайы гылыми сараптаудан өткізу – қогамдағы дәстүрлі билік қатынастарын жете түсінуге мол мүмкіндік береді.

Әрбір бидің билік жүргізу мәнері, билік жасау ауқымы және деңгейі, билік қатынастарындағы іс-әрекетінің және шешімдерінің пәрменділігі, ол қашшалықты халық сеніміне, құрметіне ие бола алды – мінеки, соган тікелей байланысты болатын. Би халық атынан сөйлеудің қай деңгейіне көтерілсе (ауыл, ру, тайпа, жұз, тұтас халық) сол дәрежедегі және сол көлемдегі билікке ие болатын. Оның билік иесі ретіндегі мәртебесі осы көрсеткішпен халық сенімі, құрметі және колдауы коэффициентімен өлшешенетін.

Билер сотының пайда болу, қалыптасу және даму тарихын шартты түрде бірнеше кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең билер институтыныңprotoқазақтық қоғамдардағы (ресми қазақ хандығы құрылғанға дейінгі) болмысы. Бұл дәуір сонау сақ тайпалары салтанат құрган уақыттан бастау алып қазақ мемлекеттің Қазақ Ордасы (хандығы) деген атпен ресми түрде жеке-дара бөлініп шығып, өз алдына отау тіккен мезгіле дейін созылады (шамамен б.з. VIIғ. - б.з. XVғ. ортасы). Бұл қазақ даласында көшпелі өмір салтының әбден орнығып және соған негізделген қоғамдық-саяси, құқықтық құрылымдардың бекіген, орныққан заманы. «Би» атауының да пайда болып, осы атаудың заман ағымына сәйкес өзгерген мән-мазмұнына сай билер институтының да әр-түрлі сипатқа, түрге ие бола отырып дамыған, толықсан, толықкан кезеңі.

Біздің заманымызға дейінгі дәуірде тарих сахнасына келген Үйсін мемлекеттің қытай деректеріне және көне шежіре жазбаларына сүйеніп зерттеушілер бұл мемлекеттің хандары Құнби деп аталған деген дерек бар [1, 646.].

Осы мағынадағы деректі Қ. Тауасарұлының енбектерінен де кездестіреміз: «Майқы би елді билер арқылы басқарған. Содан қалған хан, би жоралғысы бүгінгे дейін келе жатыр. Екі уәзір, бірі ел ісі, екіншісі әскер басы, екеуі екі қанатын басқарады. Хан қашанда ортада (бірақ майданнан жырактау), үш сұлтаны немесе бегі, екі биі, екі бақылаушысы. Осылардың бәрі көбіне көшіп жүреді» [2, 456.]. Бұл деректерге сүйенсек, үйсіндерде би атауы екі түрлі мағынада колданғанын байқауға болады. Біріншіден, би – Құнби, яғни, ел басшысы деген ұғымды берсе, екіншіден би – оның (кунбидін) төнірегіндегі ең биік лауазым иелерінің бірі.

Келтірілген деректер би атауының қазақ даласы үшін автохонды (жергілікті), ежелден келе жатқан сөз екендігі жайлы ой түйіндеуге мүмкіндік береді. Би атауының түп мағынасы билік жасау, билікке ие болу екендігіне тағы бір дәлел болғанда.

Билер институтының дамуының екінші кезеңі – Қазақ ордасының жеке дара тәуелсіз мемлекет есебінде отау көтеріп, халықаралық құқық және саяси катынастар субъектісі ретінде өз алдында дербес өмір сүрген кезі. Бұл XV ғ. ортасынан 1730 жылдарға дейін созылатын үш ғасырға жуық уақыт аралығы.

Қазақ хандығы тұсында билердің орны ерекше болды. Тіптен Қазақ Ордасының Әбілқайыр хандығынан бөлініп, дербес мемлекет есебінде өмір сүруіне тұрткі болған уакиғалардың бірі Дайырқожа би мен Қобыланды батыр арасындағы қақтығыс екендігі тарихтан мәлім [3, 226.].

Хандық дәуір тұсындағы билер институты осыған дейінгі қазақ даласында жинакталған билер арқылы ел билеудің мол тарихи тәжірибесін өз бойына сіңірін, қорытып, оны одан әрі дамытқан мемлекетті басқару жүйесінің белді тетіктерінің біріне айналды. Билер арқылы ел билеу дәстүрі бұл кезде бұрынғыдан қалған жол-жорага, әдіс-тәсілдерге ғана арқа сүйеп қоймай, оларды қазақ халқының дербес мемлекеттілігі жағдайына және талаптарына сай қайта түрлендіруге қажетті өзгерістер, толықтырулар енгізу арқылы жаңаша пайдалануға мүдделі болды. Сондыктан да болар Қазақ Ордасы өмір сүрген уақыттағы билер институты өзіне дейінгі билер арқылы билік жүргізу үрдісінің жаңа кезеңі, бұл үрдістің сәтті де шырқай дамыған сатыларының бірі деп қарастыруға мүмкіндік береді.

Аталмыш дәуірде билер институты мемлекеттік билік жүргізу механизімінің белгілі бір жүйесі, саласы болып қалыптасты. Бұл жүйенің ең жоғарғы сатысы – «Билер кеңесі» болса, ең теменгі сатысы ауыл аралық төрелік айтушы, ауыл биі – ауыл ақсақалы. Билер институтының ішкі құрылымын, жұмыс істеу ерекшелігін және оның негізгі сатыларының үйлесілімділігін қамтамасыз ету әдіс-тәсілдерін анықтау үшін осы кезеңдегі билерге берілестін әр түрлі анықтама атауларды білген жән. Бұл кезде би лауазымының мынадай түрлері болды – төбе би, үлгілі би, ара би, ауыл биі т.б. [4, 786.]. Қорсетілген әр бір би атауы жеке-дара сараптауды талап етеді, сондыктан ол болашақта атқарылар кешенді зерттеудердің қабырғалы тақырыбы болса керек.

Қазақ қоғамындағы билер институты дамуының келесі үшінші тарихи кезеңі – Қазақстанның Ресей коластына бодан болып кіру дәуірі (1730-1917 жж.). Қазақстанда хандық билік жойылғаннан кейін билер институтының беделі мүлдем әлсіреп қалды. Оның есесіне империялық сот қүштейтілді. Билер соты ауыл аумағында ресми орган ретінде ғана сакталып, іс жүзінде әдет-ғұрыптық қарым-қатынастың қүшін әлсірету жағы қөбірек қарастырылды. Манызды және қылмыстық істер 1868 жылғы уақытша ереже бойынша Ресей зандарымен империялық сот қолына өтіп, ал билер сотына ауыл арасындағы ұсақ, отбасы-ошақ қасы сияқты іс-әрекеттер берілді [5, 556.]. Сайланбалы түрде өткен билер соты ендігі жерде пара алу, істі әділ шешпене жолына өте бастады. 1822 жылғы «Жарғының» Орта жүз бойынша қазақ даласына енгізілуі әдет-ғұрып құқына, оны іс жүзінде жүзеге асыруши билер сотына өте жағымсыз есөрін тигізген еді. «Жарғы» бойынша қазақ даласындағы бүкіл сот істері үш категорияға бөлінді: а) қылмыстық істер; б) талапкерлік істер; в) басқармаға түсетін арыздар бойынша қаралатын істер. Мемлекетке опасыздық жасау, кісі өлтіру, тонау мен барыталау және заңды үкімет органына ашықтан-ашық карсы шығу сияқты қылмыс түрлерінен басқасы, ұрлықты қоса алғанда, талапкерлік істер катарына жатады.

Ресей империясы отарлау саясатын ықпалды жүргізу мәқсатында билер сотына қарасты істердің ынғайы келгенін қалайда орыс сотының қарауына енгізуге тырысқан еді. Ал жергілікті орыс шененуіктері мұндай нұсқауды іске асыру барысында түрлі шаралар қолданып бақты.

Билер сотының даму тарихындағы төртінші кезең – Қазақстанда Кеңес өкіметі орнаған дәуір еді (1917-1937 жж.). Кеңестік үкіметі қазақ халқының әдет-ғұрып құқық жүйесін мүлдем жоюға ұмтылып, оның жолдарын қарастыра бастады. 1917 ж. 5 желтоқсандағы Сот туралы №1 Декретінде «Жергілікті соттар істі Россия Республикасының атынан шешеді және өз шешімдері мен үкімдерін шығарғанда құлатылған үкіметтің заңдарын басшылыққа алады» [6, 456.] – деп, патшалық өкіметтің бұратана халықтарға жүргізген

саясатын қолдайтындыктарын білдірді. Оның артынша шыққан Декреттерде қазақ халқының дәстүрлі құқықтық институттары: барымта, құн, әменгерлік, көп әйел алу, т.б. қылмыстық жолмен қудаланатындығы ашық көрсетілді.

1920 жылдан бастап қазақ әдеп-ғұрып құқығының нормаларымен құрес қазақ халқын ұжымдастыру және отырықшыландыру саясатымен қатар жүріп отырды. Әлеуметтік қатынастарды реттеудің мұндай тәсілдері көшпелілердің дәстүрлі құқығының жойылуына екеліп сокты. Жерғілкті қазақ халқы сан ғасырлар бойы пайдаланып келген әдеп-ғұрып жүйесінен біржолата айырыла бастады. Кеңес уақыты кезінде билер институты (билер-аксақалдар соты) Кеңес өкіметінің декреті арқылы ресми турде 1921 жылы жойылды, ал іс жүзінде олар 30-шы жылдарға дейін астыртын күйде өмір сүріп келді [6, 133б].

Билер институтының (билер соты түрінде) қайта жаңғыруының соңғы (бесінші) кезеңі – еліміз егемендік алғаннан кейінгі қазірғі кезең.

Еліміздің өз егемендігіне ие болып, тәуелсіздігін жариялағалы бері бұрынғы құндылықтарды қайта тірілуге мүмкіндіктер жасалынды. Мемлекеттік тұрғыдан қолдаулар көрсетіліп тіл тағдырына, мәдени мұраларымызға көніл аударып, бағдарламалар іске асырылуда. Еліміздегі демократиялық-құқықтық реформалар өткенімізден сабактастырыла жүргізілгенде ғана табысты болмақ. Оны мемлекеттіміз қазір түсініп, он қадамдар жасау үстінде. Қандай заң қағидасы болса да өзінің өткенінен бастау алып, сабактастырыла жүргізгенде ғана менталитеттімізге етене болары хақ. Оның үстінде қазірғі жаһандасу процесі көп нәрселерді адамғершілік, демократиялық тұрғыдан қарастыруды талап етуде. Әлемдік құқық жүйелері XXI ғасыр құқықты ізгілендіру ғасыры деп соған орай іс-әрекет етуді алға қойып отыр. Ол ізгілендіруді, оның механизмдерін іздел табу, оны әлем халықтары бойына сініру керектігін көрсетеді. Мұндай ізгілендіру қағидалары ғасырлар бойы адамзат баласы қалыптастырыған заңдарында орын алған. Олар ұзақ дәуірлер өткенімен, өз құнын, мәнін жоғалтқан емес. Солардың қатарында қазақ әдеп-ғұрып құқық жүйесі маңызды орынға ие болып отыр. Оларды сарапап зерттеп, әлем жүртшылығына танытсақ, оның ізгілендіру процесіне берері көп.

Еліміздің сот жүйесінде «Алқа билер сотын» енғізгелі бері бірнеше жылдың жүзі өтті. Әрине, алқа билер соты Қазақстан Республикасы үшін жаңаңық емес. Дәстүрлі билер сотында мұндай әдістер қолданылған. Бұл институт өткен соттық жүйенің сабактастырылып қалыптастырылған заңдарында орын алған. Олар ұзақ дәуірлер өткенімен, өз құнын, мәнін жоғалтқан емес. Солардың қатарында қазақ әдеп-ғұрып құқық жүйесі маңызды орынға ие болып отыр.

Оларды сарапап зерттеп, әлем жүртшылығына танытсақ, оның ізгілендіру процесіне берері көп.

Қашанда кез келген мемлекеттегі демократия деңгейі мен жеткен жетістігі мемлекеттік билікті іске асыруға халықтың қатысу дәрежесінен айқындалады. Бұл биліктің ең маңыздысы – сот билігін, сот әділдігін жүзеге асыруға көпшіліктің қатысуы мен бақылау мүмкіндігін алқа билер сотының ісі арқылы көрініс табуды.

Қазірғі кезде қылмыскерлерге түрмелер толып, имандылық ада болып жатқанда өркениеттік маңызын әлем мойындаған билер сотының дәстүрін қайта тірлту көп адамдардың тағдырының әділ шешіліп, өмір сүруіне, адаптацияға сенімділікпен қарауына жол ашады. Халықтың өзіне сот ісіне қатысуына белсенділік береді, азаматтық соттың әділеттікін, адамғершіліктің орнығына үлкен септікі тиеді. Қылмыстық сот ісін жүргізу ісіне имандылық пен ізгілік нұрларын шашып, халықтың сипатын тереңдете түседі, ұят пен пәктігі қүшідейді. Қазақ әдеп-ғұрып құқық жүйесі соттық биліктің, қоғамның өнегелілік дәстүрлерін нығайтудағы және адами қатынастарды сауықтырудағы тарих үлгісінің берері көп. Ол жүйе бойынша қылмыстық іс жасаған қылмыскер қылмыстың салдарынан пайдап болған зардал пен зиянды толығымен қалыптау келтірғен. Яғни, бұл құқық жүйесінің басты мақсаты айыптыны жазалап қана қоймай, жазалай отырып қылмыстық іс-әрекет салдарынан орын алған зардал пен зиянды орнына келтіру болатын.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Мыңжан Нығмет. Қазақтың қысқаша тарихы. -Алматы: Жалын, 1994.
- [2] Қазыбек бек Тауасарұлы. Тұп-тұқианнан өзіме шейін. -Алматы: Жалын, 1995.
- [3] Шәкәрім Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. -Алматы: Қазақстан, 1991.
- [4] Куандықов Б. Әйтке Бәйбекұлының би ретінде қызметі. -Алматы: Өркенит, 2004.
- [5] Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX - начале XX веков. -Алматы: Жеті жарғы, 1996.
- [6] Кенжалиев З.Ж., Даулетова С.О. Казахское обычное право в условиях Советской власти. -Алматы: Ғылым, 1992.
- [7] Қазақстан тарихы: көне заманнан бүтінгө дейін / 4 томдьық. -Алматы: Атамұра, 1996. -Т.1. – 520 б.
- [8] Қазақ әдеп-ғұрып құқығының материалдары: төтениң билер сөзінің ережелері, шеппімдері / Құраст: Кенжалиев З., Андабеков Ш. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 257 б.
- [9] Әбутәліев Н. Құлтөбенің басында әділдігін тапқан бір дау // Қазақтың Ата Заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер / 10 томдьық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – Т.7. – 604 б.
- [10] Маймақов Ф. Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы. –Алматы: Ғылым, 2012. –176 б.
- [11] Өзбекұлы С. Қошшелі қазақ өркениетінде құқық. – Алматы: Мектеп, 2002. – 224 б.
- [12] Кенжалиев З.Ж. Қошшелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: теориялық мәселелері, тарихи тағылымы. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 б.
- [13] Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алматы: Рауан, 1992. – 374 с.
- [14] Өзбекұлы С. Барлық Сырттанов. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 112 б.
- [15] Материалы по истории казахских ханств XY-XVIII вв. –Алма-Ата: Мектеп, 1969. – 422с.

- [16] Тілепов Б. XV-XVIII ғғ. Қазақмемлекеттің саяси қырылымы және биілік институттары// Қазақтың Ата Зандары: Құжаттар, деректер және зерттеулер / 10 томдық. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – Т.2. – 2003. – 628 б.
- [17] Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках / Сборник документов и материалов. – Алма-ата: Изд-во Акад. наук Каз.ССР, 1961. – 743 с.
- [18] Козлов И. Общие основания киргизского суда // Қазақтың Ата Зандары: Құжаттар, деректер және зерттеулер / 10 томдық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – Т.7. – 604 б.
- [19] Зиманов С.З. Состояние и задачи разработки обычного права казахов // Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 144с.
- [20] Куандыков Б. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер кеңесі: қалыптасуы мен дамуы. // Қазақтың ата зандары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. – Т.2. – 662 б.

#### REFERENCES

- [1] MynzhanNyqmet, *The short history of the Kazakhs*. Almaty Zhaly, 1994,197 (in Kaz.)
- [2] Kazybek Beck Tausaruly, *From ancient times to the present day*,Almaty: Zhaly, 1995, 45,(in Kaz.)
- [3] ShakarimKudayberdiuly, *Pedigree Turks, Kyrgyz, and Kazakh khans*, Almaty: Kazakhstan, 1991, 22(in Kaz.)
- [4] Kuandikov B.,*Activities AitekeBaybekuly as the beating*,Almaty: Orkeniet, 2004, 78(in Kaz.)
- [5] Zhirenchin KA.,*The political development of Kazakhstan in the XIX - early XX centuries*,Almaty: Zhetyzhargy, 1996.55 (in Russ.)
- [6] Kenzhaliyev Z.Zh., Dauletova S.O., *Kazakh customary law under the Soviet regime*, Almaty: Gylim, 1992, 133(in Russ.)
- [7] *The history of Kazakhstan from ancient times to the present day*, In 4 volumes,Almaty: Atamura, 1996, Vol.1., 520 (in Kaz.)
- [8] *Proceedings of the Kazakh customary law: regulations, decisions extraordinary congress biy*,Compiled Kenzhaliyev Z., Andabekov Sh., Almaty: Zhety zhargy, 1996, 257(in Russ.)
- [9] Abutaliev N.,*The dispute found its solution in Kultobe.The ancient world of the kazah law: Materials, documents and research in 10 volume*,, Almaty:Zhetyzhargy,2006, Vol.7. 604 (in Kaz.)
- [10] Maimakov G.,*Political and pravovaya history of the Republic of Kazakhstan*, Almaty: Gylim, 2012, 176(in Kaz.)
- [11] Ozbekuly S.,*Right Kazakh nomadic civilization*, Almaty:Mektep, 2002, 224(in Kaz.)
- [12] Kenzhaliyev Z.ZH., *Traditional legal culture in society, nomadic Kazakhs*, Almaty:Zhetyzhargy, 1997, 192 (in Kaz.)
- [13] Klyashtorny S.G., Sultanov T.I.,*Kazakhstan: the chronicle of three millennia*, Almaty:Rauan, 1992, 374(in Russ.)
- [14] Ozbekuly S.,*Barlybek Syrtanov*, Almaty:Zhetyzhargy, 1996, 112 (in Kaz.)
- [15].Materials on the history of the Kazakh khanate XV-XVIII centuries, Alma-Ata: Mektep, 1969, 422 (in Russ.)
- [16] Tilepov B.The political system and the institutions of power in the Kazakh state XV-XVIII centuries,*The dispute found its solution in Kultobe, The ancient world of the kazah law: Materials, documents and research in 10 volume*, Almaty Zhetyzhargy, 2003, Vol.2.,628 (in Kaz.)
- [17] *The Kazakh-Russian relations in the XVI-XVIII centuries:The collection of documents and materials*, Almaty: Publishing Academy KazSSR, 1961, 743 (in Russ.)
- [18] Kozlov I.,*The General Court of the Kyrgyz base, The ancient world of the kazah law: Materials, documents and research in 10 volume*,Almaty:Zhetyzhargy,2006,Vol.7. 604 (in Kaz.)
- [19] Zimanov S.Z.,*Status and tasks of the development of customary law of the Kazakhs, Problems of the Kazakh customary law*, Alma-Ata:Nauka, 1989, 144(in Russ.)
- [20] Kuandikov B.,*Council biys in the traditional society of the Kazakhs, The ancient world of the kazah law: Materials, documents and research in 10 volume*,Almaty:Zhetyzhargy, 2003, Vol.2.,662(in Kaz.)

#### ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ СУДА БИЕВ: ОСНОВНЫЕ ПЕРИОДЫ И ОСОБЕННОСТИ

Н.К. Мынбатырова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби

**Ключевые слова:** традиционное общество казахов, соглашение, решение, род, племя, единство народа, территориальная целостность

**Аннотация.**Статья посвящена исследованию истории возникновения и развития суда биев в традиционном обществе казахов. Анализируются проблемы возникновения суда биев и основные периоды его развития. Раскрывается внутренняя и внешняя политico-правовая деятельность суда биев кочевого казахского народа, его роль в правовых отношениях, а также особенности его правовой природы.

Историю возникновения, формирования и развития суда биев автор условно подразделяет на пять этапов. Раскрывается суть института биев как определенной системы, отрасли государственной власти. Также исследуется правовая деятельность «института биев» казахского общества, основные пути его развития и его роль в правовых отношениях, раскрывается его содержание путем научного анализа судебных решений биев.

Поступила 25.04.2016 г.